

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2020-2021 оқу жылы

### ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ ЕСЕБІ

2020-2021 оқу жылы мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысы «Жанартылған білім беру және қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімнің кәсіби дамуына көмек көрсету» әдістемелік тақырыбында жүргізілді. Әдістемелік жұмыстың мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылығын жетілдіру. Міндеттері: Қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімдерге әдістемелік тәсілдерін жүзеге асыруға, педагогикалық бағыттағы шығармашылық ізденісте болуға, біліктілік арттыру курстарында қашықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеуге, онлайн сабақтардың жоспарлауға, оқу жетістіктерін бағалауға, жанартылған білім беру бағдарламаларын, жоспарларын, мемлекеттік білім стандарттарын оқын, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, жаңа нормативтік құжаттар, нұсқау-әдістемелік материалдармен танысуға, жас мамандарға, жаңадан келген педагогтарға ғылыми-әдістемелік жұмысында, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық құзыреттілігін дамытуға дербес және жеке көмек көрсету. Осы мақсат пен міндеттерді орындауда педагогтар жыл бойы педагогикалық және әдістемелік кенестерге, ғылыми-практикалық конференциялар мен форумдарға, педагогикалық оқуларға, теориялық вебинарлар мен семинар-тренингтарға белсенді қатысты, шығармашылық есептер жасады, озат тәжірибе мектебінің, жас мамандар мектебінің жұмысын атқарды, кәсіби конкурстарға қатысты, біліктілік курстар мен аттестаттаудың тестілеуіне барды, шебер-сыныптар мен ашық сабақтар, коучингтер өткізді, дарынды оқушылармен жұмыс негізінде республикалық, облыстық конкурстар мен олимпиадаларға оқушыларын қатыстырып жетістіктерге жетті. Мектептің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әр апта сайын оқу-әдістемелік жұмыс бойынша ақпарат мектеп сайтына, әлеуметтік желілердегі параққа орналастырылып тұрды.

#### Инновациялық қызметті дамытудың тиімділігі:

2020-2021 оқу жылы мектеп-интернатында 29 мұғалім жұмыс атқарды, оның ішінде магистрлік дәрежесі бар 5 педагог. Барлық педагогтар «Кеменгер», «Шабыт», «Жалын» атты 3 шығармашылық топқа бөлініп жыл бойы әдістемелік жұмысқа белсенді қатысты. Педагогтардың жалпы санынан «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар педагогтардың үлесі 55,2 %, «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар педагогтардың үлесі 48,3% .

Педагог-тардың саны	Біліктілік санаттары									
	Ше-бер	Зерт-теуші-	Сарап-шы	Моде-ратор	% үлесі	Жо-ғары	Бірін-ші	Екін-ші	Жоқ	% үлесі
29	1	13	0	2	55,2%	3	2	1	7	44,8 %

Мұғалімдердің кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында биылғы оқу жылы 9 педагог біліктілік курстарынан өтті, оның ішінде 4 педагог білім беру мазмұнын жанарту шеңбері мен кәсіби құзыреттіліктерді дамыту, 1 - тренерлерді оқыту, 1 - тәрбие жұмысы орынбасарлары, 3- желілік «Абай мектептерінің» қазақ тілі мен әдебиеті және Абайтану пәндерінен. Барлық педагогтар курс бағдарламасы бойынша 72-80 сағатты меңгеріп, вебинарларға белсенді қатысып, біліктілікті арттыру курсының сертификаттарына ие болды. Тамыз-қыркүйек айларында «Қашықтықтан оқыту» тақырыбында мектепшілік даярлау курсы өткізілді және қашықтықтан оқытуға өзара көмектесу апталығын өтті. 19 педагог «Қашықтан оқытуды үйренемін» республикалық онлайн-курсына қатысып сертификаттарға ие болды.

**«Желділік Абай мектептерінің» біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогикалық қызметкерлердің тізімі (онлайн)**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Уақыты	Өткен орны
1	Ахат Алтыншаш Досымбековна	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Абайтану» пәндерін оқыту ерекшеліктері	04-14.01 2021 жыл	Абай ат.респ. ДБАМИ
2	Диулеткалиева Толқан Болатбековна	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Абайтану» пәндерін оқыту ерекшеліктері	04-14.01 2021 жыл	Абай ат.респуб. ДБАМИ
3	Муратов Мақсат Болатұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Абайтану» пәндерін оқыту ерекшеліктері	04-14.01 2021 жыл	Абай ат.респуб. ДБАМИ

**2020-2021 оқу жылы білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде және әкімшілік біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогикалық қызметкерлердің тізімі**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Уақыты	Өткен орны
1	Кожаметова Резида Зейнуллаевна	Ағылшын тілі	Орта білім беру мазмұнын жаңарту	24.08 – 18.09 2020 ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 016403
2	Мақұлбек Маржан Мергенбайқызы	Химия	Орта білім беру мазмұнын жаңарту	18.08- 02.09 2020 ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 006839
3	Оразова Гульзира Казықызы	Тренерлерді оқыту курсы	Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту	23-29.06. 2020 ж.	ПШО Көкшетау қ. № 022абсе1
4	Кайржанова Майра Негметовна	Тәрбие ісінің орынбасары	Оқушылардың бойында рухани адамгершілікті қалыптастыру, оларды отбасылық өмірге дайындау, репродуктивті денсаулықты қорғау	09-13.11. 2020 ж.	«Өрлеу» ҰБАО АҚ РПҚБАИ
5	Муратов Мақсат Болатович	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»	12.04- 23.04 2021ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0404753
6	Байсалбаев Нурлан Аргынович	Информатика	«Развитие профессиональных компетенций учителя информатики»	26.04- 06.05 2021ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0404964

Педагогикалық шеберлік пен ғылыми зерттеу және мұғалімнің іскерлік біліктілігін шығармашылық ізденіске қызығушылығын арттыру, оқу-тәрбие процесінің сапасы мен тиімділігін жақсарту мақсатында мектепте 3 шығармашылық топ құрылды. Шығармашылық топтар озық іс тәжірибені жинақтап, педагогикалық ғылым жетістіктері мен озық іс тәжірибені мектеп өміріне енгізуге мүмкіндік тудырып, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру сұрақтары бойынша әдістемелік жұмыстар жүргізді.


Жыл бойы шығармашылық топтар коучинг, шебер-сынып, семинар -тренингар, ашық сабақтар мен интеллектуалдық сайыстар жоспарлан өткізді. Барлық ақпарат әлеуметтік желідегі паракка орналастырылып тұрды.



**«Кемеңгер» тобы** – қай істе де кемеңгерлік танытатын, білімді, ақылды, парасатты, өзінен кіші буын өкілдеріне тұлғасымен сыйлы, тәжірибесімен бөлісуге даяр тәжірибелі ұстаздардан құралған топ. Бұл топ мүшелері өткен еңбек-өмір тәжірибесінен - кемеңгерлікті, поэзиядан - шешендікті, математикадан - зеректікті, жаратылыс ғылымдарынан - тереңдікті, адамгершілік философиясынан - байынтылықты, логика мен көркемсөзден -жақсы сөйлеу дағдысын меңгерген ұстаздар.

2020-2021 оқу жылы педагогтардың кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылығын жетілдіру, пәндік, педагогикалық дайындық деңгейін көтеру, педагогикалық шеберліктерін арттыру мақсатында қашықтықтан математика пәні мұғалімдері Шалабаева А.Б. «Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушыларды өзін-өзі бағалауға үйрету» мектепшілік семинар, Куспекова К.М. «Дарындылықты жетілдіру мүмкіндіктері» дөңгелек үстел, Курманалина А.С.«Жақсы көңіл-күй-жан азығы» психологиялық тренинг, физика пәні мұғалімі Сатынсин Д.Т. «Креативті және белсенді оқушылар сабақты қалай бастап және қалай аяқтау керек? әдістемелік семинар, география пәні мұғалімі Нурмашов А.А. «Қашықтықтан оқыту жағдайында географияны оқыту ерекшеліктері» өз тәжірибесімен бөлісу әдістемелік іс-шаралар өткізді.

Пән мұғалімдері Шалабаева А.Б., Куспекова К.М., Ахат А.Д., Ташмағанбетова Л.Н., Курманалина А.С., Нурмашов А.А., Сатынсин Д.Т. өз тәжірибесімен бөлісіп шебер-сыныптар мен ашық сабақтар өткізді.





«Шабьт» тобы – бұл топ мүшелеріне шабыт қаншалықты өздігінен келетіндей болып көрінгенмен, ол, әдетте, бұған дейінгі қажырлы еңбектерінің нәтижесі. Көтеріңкі көңіл күй белсенділігімен, үздіксіз ізденіс қарекетінің ерекше өнімділігімен, шығармашылықты жеңіл меңгерулерімен ерекшеленетін педагогтар. Өз мамандықтары бойынша жетістіктері, тәжірибелері де жетерлік, алайда өз-өздеріне көңілдері толмай, әлі де бағындырар белестерім көп деп шабыттанып тұратын бастамашыл топ.

Пән мұғалімдері Алпыспаева С.А., Әдей Ж. Аубакирова К.Р., Маженова А.А., Даулетқалиева Т.Б., Жетпісбаева К.Б., Шаяхметова С.С., Кажигалиев К.А., Шокаев А.Е. оқушылардың танымдық белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыратын әдіс-тәсілдерді қолданып шебер-сыныптар мен ашық сабақтар өткізді. Мұғалімдер өзара сабақтарға қатысып, тәжірибе алды.






«Жалын» тобы – бұл топ мүшелері «Жас келсе іске» деп, заман талабына тез ілесіп, жаңа платформаларды, үштілділікті меңгеріп, жан-жақтылығымен көзге түскен шығармашылық жастардан құралған топ. Оқудан, ізденістен, жаңа нәрсені тәжірибеге енгізуден алдыңғы шепте тұратын, жоғары буын және орта буын өкілдерінен тәжірибе жинақтауға даяр жалынды жас педагогтар тобы.

«Жалын» шығармашылық тобының құрамына 8 педагог кірді, еңбек өтілдері 1 жылдан бастап - 10 жылға дейін.

Шығармашылық топ жұмысының мақсаты: Оқушылардың жаратылыстану – математикалық, тіл білімі және шығармашылық бағыттарындағы білім, білік дағдыларын толықтыру, кеңейту. 2020 – 2021 оқу жылында «Жалын» шығармашылық тобы 7 – 10 сынып оқушылары арасында зияткерлік, спорттық және психологиялық сайыстар, тренингтер мен жарыстар ұйымдастырып өткізді. Zoom платформасы арқылы 7-9 сыныптар арасында «Genius' game» интеллектуалды ойыны, 10-сыныптар арасында "Toastmasters" спикерлер сайысы, 9 - 10 сыныптар арасында «Үшқыр ой мен шешен тіл» зияткерлік сайысы, 7 – сыныптар арасында «Теңіз шайқасы», 9-сыныптармен "Polyglot" интеллектуалдық ойын-сайыстар өткізілді. Оқушылар өте белсенді қатысып, өз қызығушылықтарын көрсете білді. Ұйымдастырушы пән мұғалімдері Торсунова Б.Р., Мақұлбек М.М., Мынбаева Г.С., Кожаметова Р.З. Байсалбаев Н.А., Ақпанова С.Е., Муратов М.Б. Сайыстардың нәтижесінде 1-3 жүлделі орындарға ие болған оқушылар Грамоталармен марапатталды.



9 -10 сыныптар арасында «IQ game», 7-сыныптар- «1000» кімге бұйырады? - интеллектуалды сайыстар өткізілді. Сайыс барысында оқушылар танымдық көзқарастарын кеңейтіп, жылдам жауап қайтару дағдыларын қалыптастырды, белсене қатқан оқушылар, сыйлықтармен марапатталды. Ұйымдастырушы пән мұғалімдері Ақпанова С.Е., Байсалбаев Н.А., Торсунова Б.Р., Мақұлбек М.М.



Ағылшын тілі пәні мұғалімдері Кожаметова Р.З., Мынбаева Г.С. "Brain ring" зияткерлік сайысын, "Where is the logic?" интеллектуалдық ойынын өткізді. Ойын әдісі арқылы оқушылардың ағылшын тілге деген қызығушылығын арттырып, логикалық ойлауларын дамытты. Сайыста топтық жұмыстар орындалып, оқушылардың тілдік білімдерін жетілдіруде жұмыс жасалды.



8-сыныптар арасында мектеп психологы Қуандықова А.К. «Біздің жағымды қасиеттеріміз» атты психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында оқушылар ойларын ашық айтып, өздерінің жағымды қасиеттерін анықтап, бір – біріне деген сыйластық қасиетін дамытуға қадам басты.





Офлайн форматында 7 – сынып оқушыларымен пән мұғалімдері Муратов М.Б., Байсалбаев Н.А. «Сиқырлы қобдиша – әуезді сайыс» тақырыбында интеллектуалдық ойын, 8 – 9 сыныптар арасында пән мұғалімдері Торсунова Б.Р., Мақұлбек М.М. «Handmade with love» тақырыбында тәжірибелік алаңын өткізді. Оқушылар зертханалық жұмыстар жасау арқылы практикалық – тәжірибелік дағдыларын жетілдірді, биология және химия пәндерінен эксперименттік жұмыстар орындады.



Мектебімізде «Жалын» шығармашылық тобының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 12-16 сәуір аралығында «Бүгінгі жас маман келер ұрпақтың сәулеткері» тақырыбында пәндер апталығы өтті. Апталық аясында педагогтар оқушылардың тәжірибелік және практикалық дағдыларды жетік меңгеруіне назар аударып, топтық, ұжымдық, модельдеу жұмыстарын жүргізді. Сабақ барысында әртүрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді, желілік ресурстарды пайдаланды, оқушыларды бағалау процесіне тартып, конструктивті кері байланыс беру үшін жағдайлар жасады. 7-10-сынып оқушыларының интеллектуалдық білімдерін арттыру мақсатында қызықты зияткерлік ойындар ұйымдастырды. Апталық туралы барлық ақпарат әлеуметтік желідегі мектептің Инстаграмм парақшасына салынды.



Жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық цикл мұғалімдері арасында пәндік-әдістемелік құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту контекстінде озық, инновациялық тәжірибені жинақтау және тарату, сондай-ақ педагогтердің өздігінен білім алу және кәсіби өзі-өзі дамыту процестерін ынталандыру үшін тәжірибе алмасу бойынша мектеп педагогтары облыстық, республикалық деңгейде өткен конференцияларға, форумдардар мен семинарларға және кәсіби конкурстарға белсенді қатысты,сөз сөйледі.

20 желтоқсанда өткен «Білім берудегі 4К моделі:теория мен әдістеме» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға 12 мұғалім қатысып сертификаттарға ие болды.

Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай «Абай мұрасы және қазіргі білім беру» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға Ахат А.Д. қатысты. «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы» тақырыбында өткен республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияға Қурманалина А.С.қатысты.

26 ақпанда өткен «Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері» республикалық вебинарға оқу ісінің орынбасары Оразова Г.К., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ахат А.Д., Даулетқалиева Т.Б., Муратов М.Б. қатысып сертификаттарға ие болды.

30 наурызда өткен «Әлихан Бөкейхан және Есіл-Көкше қайраткерлерінің азаттық жолындағы күрес» облыстық ғылыми-әдістемелік семинарға тарих пәні мұғалімі, «педагог-зерттеуші» Алпыспаева С.А. және «СІП.-оқыту және оқыту практикасы арқылы білім беру процесіне қатысушылардың функционалдық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» облыстық онлайн семинарға химия пәні мұғалімі Мақұлбек М.М., биология пәні мұғалімі Торсунова Б.Р., физика пәні мұғалімі Ақпанова С.Е.,информатика пәні мұғалімі Байсалбаев Н.А. қатысты.

23 сәуірде «Оқу процесін ұйымдастыруда тиімді тәсілдерді қолдану және жүзеге асыру білім сапасын арттыру шарты ретінде: үздік практика» тақырыбында өткен Обірлік форумға химия биология, математика,физика пәндерінің 6 мұғалімі қатысты. Мектеп директоры, химия пәнінің мұғалімі, «Педагог-шебер» Исақова Д.М. пленарлық отырыста модератор жұмысын атқарды, биология пәні мұғалімі, «педагог-зерттеуші» Торсунова Б.Р. «Ұстаз шығармашылығы – жана өркениет көшіне ілесудің негізі» тақырыбында TED форматында өткен секция отырысында спикер болып өз тәжірибесімен бөлісті.

27 сәуірде «Жанартылған мазмұндағы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, білім беруді цифрландыру контекстінде электрондық оқулықтарды енгізу» тақырыбында өткен облыстық онлайн семинарға директордың орынбасарлары Қуснинова С.З., Оразова Г.К., биология пәні мұғалімі Торсунова Б.Р. және информатика пәні мұғалімі Байсалбаев Н.А. қатысты.

29 сәуірде «Білім мазмұнын жаңарту аясында оқу үдерісін жетілдірудің тиімді жолдары және мұғалімнің шеберлігі» тақырыбында өткен отырыста пән мұғалімдері Жетписбаева К.Б., Қожахметова Р.З., Мынбаева Г.С., Шайхан А., Ахметов А. шығармашылық есеп форматында өз тәжірибесімен бөлісті.





2020-2021 оқу жылы республикалық, облыстық кәсіби шеберлік конкурстарына 9 мұғалім қатысты. Жеңімпаздары болған педагогтер саны - 2. Тамыз-қыркүйек айларында өткен облыстық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсына математика пәні мұғалімі Қуспекова К.М., биология пәні мұғалімдері Маженова А.А., Торсунова Б.Р., химия пәні мұғалімі Мақұлбек М.М. қатысты. Математика пәні мұғалімі Қуспекова К.М. 3-орынға ие болып, Дипломмен марапатталды және Республикалық конкурса қатысып сертификатқа иеленді.

28-30 қараша аралығында қашықтықтан өткен «Ұлы даланың ұлы есімдері» облыстық конкурса тарих пәні мұғалімдері Әдей Ж., Алпыспаева С.А., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Муратов М.Б. қатысты. Тарих пәні мұғалімі Алпыспаева С.А. 3-орынға ие болып, Дипломмен марапатталды.

26 сәірде өткен «Жаңа мектепке - жаңашыл ұстаз» Республикалық кәсіптік байқауға қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Муратов М.Б. қатысып сертификатқа иеленді.



Бейінді оқыту жұмысын іске асыру мақсатында Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетімен тамыз айында ынтымақтастық шарт бекітіліп, химия, биология, математика, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пәндерінен 9-11 сынып оқушыларына университет оқытушылары жеке тұлғаға бағытталған сабақтарды ұйымдастырып, қашықтықтан жүргізді.



2020-2021 оқу жылының оқу жоспарының вариативті бөлімі бойынша 17 педагог таңдау курстары және 7 педагог элективті курстарының авторлық бағдарламаларын әзірледі. Барлық курс бағдарламалар мектепшілік оқу-әдістемелік кеңесте қаралып, бекітілді.

Мектептің 10 педагогі ағымдағы оқу жылы облыстық, республикалық сараптамалық кеңестер мен конкурстық комиссиялар мүшесі ретінде жұмыстар атқарды. Республикалық «Телесабактар» жобасында тәуелсіз сарапшылар ретінде математика пәнінің мұғалімдері

Оразова Г.К., Шалабаева А.Б., Куспекова К.М., «НЗМ» дербес білім беру ұйымы 5-сыныпқа арналған «Математика» пәні бойынша оқу материалдардың аудару-локализациялау қызметтерін орындаушы ретінде математика пәнінің мұғалімі Оразова Г.К., 9-сыныптарға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қорытынды аттестаттау материалын дайындау облыстық комиссия мүшесі ретінде Ахат А.Д., «Педагог-шебер» біліктілік санатына облыстық експерттік комиссия мүшесі ретінде Кусаинова С.З. мен Шалабаева А.Б., «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына - Оразова Г.К. мен Қайржанова М.Н., «Менің отбасым-менің байлығым» облыстық қашықтық эссе конкурсының қазылар алқасы мүшесі ретінде орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жетпісбаева К.Б., «Педагогикалық идеялар вернисажі» облыстық сырттай конкурсында сарапшы ретінде Оразова Г.К.

Жыл бойы педагогтер өз тәжірибесімен бөлісу, тарату мақсатында баспасөз беттеріне интернет- сайттарына өз жұмыстарын жариялап отырды.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Мақаланың тақырыбы	Шыққан баспаның немесе интернет-сайтының атауы, басқан айы, жылы
1.	Торсунова Б. Р.	Биология	«Гормондар 8 – сынып»- сабақ жоспары	«Ziater.kz» оқу-әдістемелік орталығы сайты, 2021 жыл
2.	Мақұлбек М.М.	Химия	«Галогендер және олардың қосылыс-тарының қолданылуы» сабақ жоспары	«Ustaz Tilegi» Республикалық ұстаздар сайты, 2021ж
3.	Муратов М. Б.	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан»-мақала	«Абай үні» журналы 2021 жыл
		Абайтану	«Абай кабинеті ашылды»-сұхбат	«Көкше» телеарнасы
		Абайтану	«Абай арманы – халық арманы»- мақала	Облыстық «Арқа ажары» газеті
4.	Мынбаева Г. С.	Ағылшын тілі	«Travelling in the kingdom of language»- сабақ жоспары «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолданудың тиімділігі»- мақала	«Infourok.ru» сайты 18.03.2021 ж
5.	Кожаметова Р. З.	Ағылшын тілі	“Tradition and language” lesson plan for 9 grade	«Infourok.ru» сайты 25.03.2021 ж
6.	Ақпанова С. Е.	Физика	«Импульстің сақталу заңы тақырыбында есептер шығару»-сабақ жоспары	«Ustaz Tilegi» Республикалық ұстаздар сайты, 2021 ж.
7.	Байсалбаев Н. А.	Информатика	The syntax of the programming language. (Программалау тілінің синтаксисі)-сабақ жоспары	«Ustaz Tilegi» Республикалық ұстаздар сайты 19.03.2021 ж.
8	Маженова А. А.	Биология	“Бейімділік. Бейімділіктің салыстырмалы сипаты” 9 сын.-сабақ жоспары	«Infourok.ru» сайты 2021 жыл. наурыз
			«Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тынысалу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты.» 7 сынып- сабақ жоспары	«Ziater.kz» оқу-әдістемелік орталығының сайты, 2021 жылдың наурыз айы

9	Ахат А.Д.	Қазақ тілі мен әдебиеті	Абай еңбектеріндегі білім мен тәрбие мәселесі	Ұлттық инновациялық ғылыми –зерттеу орталығы, ақпан 2021ж. Жинақ кітапта шықты.
		Абайтану	Абай еңбектеріндегі білім мен тәрбие мәселесі	Алматы, Абай РММИ. «Абай әлемі» журналы №1, наурыз, 2021 ж.

### Жас мамандармен жұмыс:

Жас мамандармен жұмыс жас педагогтердің кәсіптік деңгейлерін қалыптастыру, шығармашылық әлеуетін және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау мақсатында жүргізілді.

Жас мамандар мектебінің құрамына жана оқу жылында жұмысқа қабылданған жоғары оқу орнын жаңа бітірген жастар мен еңбек өтілі 3 жылға дейінгі 3 маман кірді. Олар Байсалбаев Н.А., Мақұлбек М.М., Муратов М.Б. Жас мамандар мектебінің жұмысы арнайы құрылған жоспар бойынша жүйелі жүргізілді. Жас мамандарға тәлімгер мұғалімдер тағайындалды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Муратов М.Б. кәсіптік қызметке алғашқы рет кіріскендіктен бір оқу жылы кезеңіне педагогикалық кеңесте тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітілді, Торсунова Б.Р. «педагог-зерттеуші» санатындағы, биология пәнінің мұғалімі, «Жас мамандар» мектебінің жетекшісі болып Шалабаева А.Б., математика пәні мұғалімі, «педагог-зерттеуші» тағайындалды. «Жас мамандар» мектебінің отырыстарында мектеп құжаттарын дұрыс сауатты жүргізуден бастап, нормативті құжаттарды, әдістемелік нұсқау хаттарды оқыл, зерттеу, басшылыққа алу жөнінде кеңес берілді. Тәлімгерлер-мұғалімдер жас мамандардың сабақтарына, жас мамандар тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысып отырды. Жас педагогтар өткен пән апталығына белсене қатысты, инновациялық технологияларды қолдана отырып ашық сабақтар көрсетті, сыныптан тыс іс-шараларына өз үлестерін қосты. Мектептің «Жалын» шығармашылық тобының құрамына кіріп зияткерлік ойындарды белсенді ұйымдастырды, 7-10 сыныптар арасында қызықты, мазмұнды зияткерлік конкурстар мен ойын-сайыстарын өткізді. Жыл бойы оқушыларын облыстық, республикалық олимпиадалар мен байқауларға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болды. Кәсіптік жұмыстарын жақсы орындап, нәтижеге жеткендері үшін облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталды. Жас ұстаздар облыстық, республикалық әдістемелік семинар, вебинар, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты. Муратов М.Б. «Желілік Абай мектептерінде» «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Абайтану» пәндерін оқыту ерекшеліктері» және «Желілік Абай мектептерінде» бейіндік пәндерін оқыту ерекшеліктері» тақырыптарында өткен онлайн курстарына қатысып, сертификаттарға ие болды.

Ағымдағы жылы Байсалбаев Н.А., Мақұлбек М.М., Муратов М.Б. Көкшетау қ. «Өрлеу» ПҚБАИ өз пәндері бойынша біліктілік арттыру курстарынан өтіп сертификаттар алды.



2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстары бойынша жас мамандар директор жанындағы отырыста шығармашылық есеп берді.



#### Аттестация бойынша жұмыс

2020-2021 оқу жылында аттестаттаудан өтуге 4 педагог және 2 тәрбиеші өтініш білдірді. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімі педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді. Ұлттық біліктілік тестілеуіге өтініштері бойынша 4 мұғалім және 2 тәрбиеші қатысып оң нәтиже көрсетті. Ақпанова С.Е. және Байсалбаев Н.А., Хасенова А.С., Атетова К.А. – «педагог-модератор» санатына, Мынбаева Г.С. – «педагог -зерттеуші», Кожахметова Р.З.- «педагог-сарапшы». 2020-2021 оқу жылы Ақпанова С.Е., Байсалбаев Н.А. және Кожахметова Р.З. қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау кезеңіне тапсырды..

#### Мектепшілік бақылау жоспарын іске асыру

Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын бақылау мақсатында бейінді оқыту және ғылыми-әдістемелік жұмыстары бойынша мектепшілік бақылау жүргізілді. Қашықтықтан оқыту жағдайында элективті, таңдау пәні бойынша курстарын тиімді оқытылуы, биология пәні бойынша курстар мен пәнді ағылшын тілінде оқытылуы, педагогтердің өзідігінен білім алу жоспарының және зерттеушілік жұмыстарының орындалуы, мұғалімдердің қашықтықтан оқыту сапасы, жанартылған білім мазмұны бойынша біліктілік курстарынан уақытында өтуі, шығармашылық топтарының жұмыс жоспарын орындалуы, шебер-сыныптардың өтуі, оқушылардың пәндік олимпиадаларға және зерттеу жұмыстарына дайындық жағдайы, аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігі, жас мамандармен жұмыс, тәлімгерлер-педагогтың жұмысының сапасы, өзара сабаққа қатысу сұрақтары жыл бойы бақылауда болды.



Кусаннова С.З.- бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары